

Келісім шарт №6
Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу.

Қоғалықкөл ауылы

«20» қаңтар 2023 жыл

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Қоғалықкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Қоғалықкөл ауылдық клубы» КМҚК-ның басшысы Ибадуллаева Д.Д. атынан Жарғы негізін де әрекет ететін 30 қаңтар 2014 жылғы қуәлік №347-1933-06-МҚКК бір тараптан және бұдан әрі «Жабдықтаушы» деп аталатын «Нургуль» ЖШС атынан негізгі әрекет ететін директоры Ә.Раманқұлова, «Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 42 бабына сәйкес, Тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алудың 2023 жылғы 19 қаңтар №CL-004035 биржалық мәміле бойынша есебінің (отчет по биржевой сделке) негізінде осы келісім шартты (бұдан әрі Шарт) жасасты.

1. Келісім шарт тақырыбы

1.1. Жабдықтаушы **шұбаркөл көмірін** Қоғалықкөл ауылдық клубына әкелуге міндетті, Тапсырыс беруші тауардың санына және сапасына қарай мерзімге сай болуына ақы төлеуге және тауарды қабылдауға міндетті.

№	Тауардың аты	саны	өлшем бірлігі	соммасы	Барлық соммасы
1	Шұбаркөл көмір	80	тонна	18000	1 440 000
					1 440 000

2. Келісім шарт шарттары

2.1. Жабдықтаушы сапалы 80 тонна қарағай көмірін қамтамасыз етеді, Тапсырыс беруші келісім шартқа сәйкес ақы төлеуге міндетті.

2.2. Бюджеттік бағдарламасы бойынша 144 «Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу» ерекшелігіне сәйкес **келісім шарт соммасы 1 440 000 (бір миллион төрт жүз қырық мың) теңге 00 тиын. ҚҚС төлеуші болып тіркелмеген.**

2.3. Жабдықтаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қоғалықкөл ауылдық клуб үйіне жеткізу, алған міндеттерін орындау барысы туралы кез келген уақытта, толықтай ақпарат беруі қажет.

2.4. Жабдықтаушы 2023 жылдың желтоқсан айының 31-іне дейін белгіленген мерзімде Қоғалықкөл ауылдық клубына сапалы тауарды жеткізуге міндетті.

3. Тауар жеткізудің талабы. Келісім шарттың орындалуы

3.1. Тауарлардың жеткізілген күні болып тараптардың тауарлы-көліктік тіркеме қағазына (накладная) қол қойған күні есептелінеді.

Алдын-ала төлеу қарастырылмаған.

3.2. Есеп айырысу тәртібі : есеп шотқа аудару.

3.3. Төлем түрі: ақшасыз аударылым.

3.4. Төлем формасы: төлем берілетін шот.

3.5. Есеп айырысу ұлттық валютада жіргізіледі.

4. Тараптардың міндеттері.

4.1.Өнім беруші міндеттеледі:

- 1) Шартқа сәйкес қойылған міндеттерді толық және тиісінше орындауды қамтамасыз етуді;
- 2) Шартта көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда келтірілген шығынды толық қайтаруға;
- 3) Сапасыз тауалар жеткізілген жағдайда (брак, басқа да ақаулар) бес күн ішінде кемшіліктерді жоюға;
- 4) Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз өз міндетін өзгеге тапсырмауға.

4.2.Тапсырыс беруші міндеттеледі.

- 1) Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сай тауарды қабылдап, төлем жүргізуге;
 - 2) Тапсырыс беруші сапасыз тауар жеткізген жағдайда, кемшіліктерді жойғанға дейін тауарлы-көліктік тіркеме қағазына (накладнойға) қол қоюға және төлем жасауға құқығы жоқ.
- Тараптар бір-бірінен келісім шарттағы міндеттердің тиісті орындалуын талап етуге құқылы.

5. Кепіл

5.1. Өнім беруші келісім шарт негізінде жеткізілген тауарлардың жана, пайдаланылмаған екендігіне кепілдік береді. Сонымен қатар, тауарлардың ақауы жоқ екендігіне кепілдік береді. Өнім беруші тауарлардың сапасының зауыт өндірушілер стандарттарына сәйкестілігіне кепілдік береді.

5.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдікке байланысты барлық талап қоюлар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, осыдан кейін Өнім беруші тауарды өз есебінен, көлік шығындарын қоса, ауыстыруға тиіс.

5.3. Егер Өнім беруші хабарлама алып, Тапсырыс беруші талап еткен мерзімде ақауды жөндемесе, Тапсырыс беруші Өнім беруші есебінен және Тапсырыс беруші өнім берушіге қатысты Шарт бойынша иеленуі мүмкін басқа да құқықтарға қандай да болмасын залалсыз ақауларды жөндеу жөніндегі қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

6. Дауларды шешу

6.1. Тапсырыс беруші және Өнім беруші Шарт бойынша өздерінің арасында туындайтын немесе соған байланысты барлық келіспеушіліктер мен дауларды келіс сөздер процесінде бейбіт жолымен шешу үшін барлық күшін салуға тиіс.

6.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21(жиырма бір күн) ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды бейбіт жолмен шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттерін орындаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тиісті Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жауапты болады.

7.2. Өнім беруші Тауарды жеткізуді кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Шартта көрсетілген міндеттерді орындаудан бас тартуға құқылы.

7.3. Егер Өнім беруші Шартта көрсетілген мерзімде Тауарды жеткізбеген жағдайда, Тапсырыс беруші әрбір мерзімі өткен күн үшін жеткізілмеген Тауардың бағасынан 0.1 (нол бүтін оннан бір) пайыз соманы 10 пайызға дейін жеткізілмеген тауардың сомасынан тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

7.4. Тұрақсыздық айыбын төлеу Өнім берушіні Шартта қабылданған өз міндеттерін орындаудан босатпайды.

8. Шарттың бұзылу жағдайлары

8.1 Өнім беруші жеткізілетін тауарды 20 күннен астам уақытқа кешіктірген жағдайда Шарттың 7.3 бөлігіндегі көрсетілген тұрақты еместігі үшін айыпұлымен қоса.

8.2 Шарттың талаптары бұзылған жағдайда.

8.3 Өнім берушінің іс әрекеті тоқтаған жағдайда.

9. Өзге талаптар

9.1. Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалып, екі жақтың уәкілеттілігімен қол қойып мөр басылған жағдайда ғана жарамды.

9.2. Шарт мемлекеттік жасалды және тараптар үшін әр тілде бір данадан екі жаққа бірдей заңды күші бар.

10. Заңды мекен-жайы және банктік реквизиттері:

“ТАПСЫРЫС БЕРУШІ”

«Қоғалықөл ауылдық клубы» КМКҚ

Қоғалықөл ауылы

Майқанова көшесі №2

ЖСК KZ226010201000193595

БСК HSBK KZKX


БСН 140140029366

«Қазақстан Халық банкісі» АҚ

Бек-16,

Тел: 8/7242/ 21-75-50

Басшы



Ибадуллаева Д.

“ЖАБДЫҚТАУШЫ”

«Нургуль» ЖШС

Қызылорда қаласы, Сырдария ауданы

Серикбай Жакеев көшесі №24

ЖСК KZ196010201000005275

БСК HSBK KZKX

БСН 911140000194

«Қазақстан Халық банкісі» АҚ

Бек-16,

Тел: 8/72436/ 21-788

Директор



Ә.Раманқұлова